


1 2006

6008

КАЗІРГІ  
ҚАЗАК  
ПОЭЗИЯСЫ

Әбен  
Дәуренбек

*Татышабулак,*











# Әбен Дәуренбек

*Машынбұлак,*

Өлеңдер,  
аңыз-дастан,  
күй-толғаулар

Ш  
Алматы  
“Жазушы”  
2005

ББК 84 Қаз 7-5

~~Д 66~~

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша  
шығарылды*

Дәуренбек Ә.

Д 66 Тамшыбылақ. Өлеңдер, аңыз-дастан, күй-толғау-  
лар. — Алматы: Жазушы, 2005.— 176 бет.

ISBN 9965-701-78-4

Белгілі ақын Әбен Дәуренбектің бұл кітабына соңғы  
жылдары жазылған өлеңдері мен әр кезде тұған жырлары-  
ның таңдаулы дегендері енгізіліп отыр. Табиғат әлемі,  
ондағы тіршілік дүниесі ақын лирикасында құнарлы да  
айышықты тіл кестесімен әдемі орілген. “Аққу-ана”,  
“Арқардың өлімі”, “Аңшының зары”, “Қоңыр”, тағы  
басқа аңыз-дастан, күй-толғаулары ақын шабытының  
шаңқаи шағында екеніне кепіл.

Д  $\frac{4702250202-039}{402(05)-05}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-701-78-4

© “Жазушы” баспасы, 2005

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
НАУЧНО-АКАДЕМИЧЕСКАЯ КИТАПХАНАСЫ

0 0 0 3 8 3 0 9

Бірінші бөлім

Слендер



## ҚАШҚАН ОЙЛАР

Қашқан ойды қаумалап, құрықты сап,  
Бір қораға қамадым ұрып, тұсан.  
Бірікпеген бастары пәтшағарлар  
Бір-бірімен, сонда да, қырықпышак.

Жуастауы,  
Бар әрі ұрыншағы.  
Баяғының секілді қыңыр шалы.  
Құлатам деп құр атты тепкілеп түр,  
Шығып түрған бір байтал ыңыршағы.

Шынымен-ақ түр ма еken құлатам деп,  
Төрелігін айтсыншы бір атаң кеп.  
Жылқы мінез жануар-ойларымды  
Өзгеге де, өзіме сынатам көп.

Таң алдында шомылған көк мұнарға  
Қайран заман!  
Еркіндік жоқ бұларда.  
Сайын дала, сайранды шағын аңсап,  
Қара таппай жүр ме әлде соқтығарға?

Жақсылығы бар еді алдында көп,  
Құрық салып қуалап, салдым ба әлек!  
Бірікпеді бастары.  
Өкінемін  
Обалына бекерге қалдым ба деп.

Бірікпесе бастары, бірікпесін,  
Өздерінен өздері үрікпесін.  
Жын-шайтанға айналған жануар-ой,  
Шығарды әбден жанымның сілікпесін.

\* \* \*

Он төртінде толықсып толған айым,  
Толған айға беттарап болма, ағайын!  
Жалт ететін ол да бір жаз секілді,  
Асыл арман түспейтін қолға дәйім.

Толған айға қарауға жүрексінем,  
Жүрексінбей құлем деп, мың өксігем...  
Толған айым — басымнан озған айым,  
Ертегідей жасымда бір естіген.

Нар тәуекел! Қол создым толған айға,  
Ниетімді қолдай ма, қолдамай ма?  
Алыстағы жұлдызды арман етіп,  
Қалсам болды қалжырап сол маңайда.

Толған айым — басымнан озған айым,  
Орыннынан тезірек қозғалайын.  
Қайран ару қайтады мезгілімде,  
Боза жүрек, бозды тал, бозды қайын.

Мына жалған не деген жендет еді,  
Нұр-сәулесін таппайсың емге, тегі.  
Кемеліне келмейді ол енді қайтып,  
Аулай салсаң көңілін нең кетеді...

\* \* \*

Жан жарасы, кімге жұмбақ, кімге аян,  
Жасыздым деп жұртқа қалай сыр жаям.  
Көмейімде көп жасаған жалғыз сөз,  
Жүргегімде жұз құбылған бір баян.

Домбырамен достаспаған жыр-терме  
Додаға сап, түсірді әбден құр терге.  
Талай күйші таппай кеткен сиқырлы үн,  
Талай саусақ дәп баспаған бір перне.

Минөт сайын ми қабығын мың қажап,  
Тағдырына тартқызатын күнде азап,  
Қалт-құлт етіп кемем кетіп барады,  
Жанарында дүниенің бір гажап.

\* \* \*

Күнде салған тазысын кім сонарга,  
Білдірмеген боласың сынса да арба.

Жапалақпен жарыспай жар жағалап,  
Қыран болып тумай ма, білсе қарға.

Айың құліп тузын ба күнде онынан,  
Бір қуансам, мың жылап, мың қорынам.  
Алакеуім шақта да адастырмас  
Жаманатқа жақынын кім жорыған?

Дүниенің әлдебір қуысында  
Қиналасың түскендей ұлы сынға.  
Тәлейлі де тәлейсіз тағдырым бар  
Зымыраған уақыттың уысында.

Шалдықтырып, шаршатып тың денені,  
Аңыратып жылдан соң жыл келеді.  
Қырдан асып барады киік-арман,  
Оның дағы бар шығар бір дегені.

\* \* \*

Бүрлемеген, көгеріп гүлдемеген  
Кәрі еменнің қасына күнде келем.  
Жапырақсыз, жабусыз жалаң ағаш  
Қарсы алады қалпында үндемеген.

Үндемеген қалпында қарсы алады,  
Жабағыдай жалбырап өр сабағы.  
Ақ боранмен алысып, ақ дауылмен,  
Көрініп түр қалжырап, шаршағаны.

Қарайтында ынтығып тау-шындарға,  
Етек-жені келмейді қаусырғанға.  
Қаз дауысын, жайдары жаз дидарын  
Құте-құте тағаты таусылған ба?

Көлеңкесін ұзартып сүйірленген,  
Көктем лебі көңілін үйрімеген,  
Кәрі жілік секілді қайран өмір,  
Көгеремін дейтіндей биыл немен?!

\* \* \*

Көктем келді!...  
Бәрібір қоңылды емес,  
Бастамайды сүйкімді өмірге елес.  
Келе жатқан жазымнан сезіктенем,  
Жұтімді де, білемін, женілдемес.  
Жазымнан да оралар сезіктенем,  
Сұмдық қой бұл!  
Ешқашан кезікпеген.  
Жақыным да, жатым да, жанашырым,  
Бара жатқан сықылды безіп менен.

Бір керемет қамады үйге мені,  
Баяғының қайда екен күймелері.  
Көз алдында көсіліп билемеді,  
Ағытылған арулар түймелері...

Бәрі күйік,  
Бұла күн, бәрі жалған,  
Тағдырыңа не шара көріне алған!  
Ел қатарлы жер басып жүрсем дағы,  
Атақтан да жүрдаймын әрі малдан.

Оған бола ешкімді кінәламан,  
Сыбағасын кім бермек мына маған?  
Өз нәсілін теппейді өзегінен,  
Әйтеуір бір бүйрекін бұрады аған.

Кешіре гөр, көктемдер бұрынғы өткен,  
Жазымен де, сазымен ұрын кеткен.  
Қарыздармын, қара үзіп кеткен жылдар,  
Талай-талай тіземді дірілдеткен...

## ЖЫЛ КЕЛГЕНДЕ

Сыртқа шығып бара жатыр бұл жыл да...  
Жатырсың ба,  
Төсегінен тұрдың ба?  
Жайлауына шақыра ма келер жыл,  
Батыра ма әлде мені құрдымға?

Аттай желіп, өте шықты бұл жыл да,  
Мойныңды бері қарай бұрдың ба?  
Өтіп өмір бара жатқан сияқты,  
Сирағынан сұзы келмей Сырдың да.

Көз жазбаған жан едім бір нұсқадан,  
Бір кеменің құйрығынан ұстаган.  
Шығып кетсем болар еді жылға еріп,  
Шырылдайды-ау панаы жоқ үш балам.

Болмасам да осып түсер қамшыгер  
Өтіп кетсем: “өзен”, — дер ел, “тамшы”, — дер,  
Жұбата алмай, жылатады-ау жұртымды,  
Өлеңімді әлдилеген әншілер.

Қош айтыстым үйқынмен де, күлкінмен,  
Сонда дағы бір түн тәтті бір түннен.  
Қасіретімен қастерлеген жаныңды,  
Тіршілігім, неткен ғана сүйкімді ең?

Есті жылым!  
Қош, есен бол көргенше,  
Жаңа жылды қарсы алайын мен де елше.  
Пенде болып жүре тұрам, қайтемін,  
Періштелер: “Керексің”, — деп келгенше.

Есік қағып келіп қалды бұл жыл да,  
Есігінді аш,  
Орныңдан тұрдың ба?  
Бара берем шақырса да тойына,  
Жана берем батырса да құрдымға.

## ТІЛІМ МЕНІҢ — ҚАЗАҒЫМ, ҚАРА ОРМАНЫМ

Көл-дәрия бір ғылым — тіл дегенің,  
Білгенімнен көп екен білмегенім.  
Тілім менің — қазағым, қара орманым,  
Сонымен-ақ көгеріп, гүлденемін.

Шынымен-ақ гүлденіп, көгерем бе,  
Көлігімді бір сайға шөгерем бе?  
Бабасының тілі мен ділін ұғып  
Өссе деп ем немере, шөберем де.

Бешкеш қылып, бес ешкі айдағаның,  
“Ысқырығың жер жарған” қайда, жаным.  
Өз балаңмен сөйлесіп басқа тілде,  
Кімге дәрі қазақша сайрағаның.

Ана тілі – халқындың мәртебесі,  
Бар қазақтың қарт өже, қарт енесі,  
“Қазақпың” деп ұрандал тұрған жоқ па  
Ұлан-ғайыр жеріндің әр төбесі?

Өз жүргің, өзегің жарып шыққан,  
Тілін біліп өзгелер, халықты ұққан.  
Ақ сүтімен дарытқан ана тілін  
Ана деген айналдым жарықтықтан.

Таусылғанша талқаны талай дана,  
“Сана” деген сыйдырған шар айнаға.  
Мың жасаған тілімді өледі деп,  
Аузың барып айтасың қалай ғана?

Көреді екен бәрін де күткен адам,  
Дейтіндер бар: “тонаймын, үптеп алам”.  
Ділімді алса, рухым-тілімді алса.  
Крегі жоқ басқаның түккс маған.

Тілім менің – көктемгі жыршы гүлім,  
Тағдырыңа табынған құлышылығың.  
Орта жолда даға кім тастамақ  
Қолқа-жүрек, ет-бауыр тіршілігін.

Тілім менің — қазағым, қара орманым,  
Жаралмағаның, жаралған, таралғаның.  
Бұрынғының бұлбұл тіл, ән-жыры мен  
Ертегіден естимін бар арманын.

Басылмаса өткеннің тасқыны әлі,  
Үлкен-кіші, кәрі де жас кінәлі.  
Ән салады қазақша, күй тартады  
Озен, колі өлкемнің, тас бұлағы.

Абыздардың аспанын биіктеткен,  
Ұрпағына ұлардай сүйікті еткен  
Тарихың бар тіліндің сиқырымен  
Бір тарының қауызына сыйып кеткен

Мініп өткен атың бар жайдақ атаң,  
Отаның бар, атыңды айда, ботам!  
Дінсіздереге тілі жоқ, ділі де жоқ  
Сар далада сандалған қайдағы Отан!

... Қалжасы арық тілінді қалжыратпа,  
Құлағынды жан-жаққа сал бірақ та.  
Мен сенбеймін қан-жыны араласқан  
“Жаһандасу” дейтүғын сандыраққа.

\* \* \*

Әрі үмітті көңілі, әрі күпті,  
“Жазып қойған хатпен тең” кәрілікті  
Өлеңдетіп, өбектеп отырсақ та,  
Болмаған-ау солардың бәрі мықты.

Шәйі көрпе, бір салар қалы кілем,  
Додегелі, басқұрлы үй сары, күрен,

Сыны кетпес сырлы аяқ, шай тостаған —  
Алданышы уақыттың бәрі кілен.

Кім келмеді, жалғаннан кім көшпеді,  
Кімдер кімнің артына мінгеспеді.  
Кімнен кейін қалмады күміс теңге,  
Шыжым кебіс, тұскиіз шым кестелі.

Асам десен, алдында алты белес,  
Қиял-дүние, қайтадан қалпыңа көш.  
Жылыстаған жылдардың жылғасында  
Қалғаныңың барлығы алтын емес.

Базарладың барыңды жалғап-құрап,  
Кете алмадың қиянға самғап бірақ.  
Табындырған тағдыры талайлардың  
Киесінен кесірі салмақтырақ.

Құшағымды қүндерге жайып келем,  
Жараспасам жылдармен, айып менен.  
Құлімдеген көктемнің көзіне де  
Қараған жөн сәп салып байыппенен.

### ЖЕТИ АТАМНЫҢ ЖЕРІ ЕДІ

Жеті атамның жері еді,  
Қонып жатыр басқа ауыл.  
Жеке-дара келеді  
Жетім қозы тасбауыр.

Таудың ерке бұлағы,  
Сыбызығы үнді сырлы ұғым,  
Тулап-тулап құлады  
Желі бауға сұр құлын.

Бөрілінің бөктері  
Тана мінген, тайды аяп.  
Иесіне өкпелі  
Ине жүтқан “Майлыаяқ”.

Атам байғұс сүйенер  
Ала тең де шешілді,  
Келе-келе түйелер  
Кейқуаттай кесірлі.

Басып еді сұр тұман,  
Балағын сәл жел ашты.  
Алыстап ел-жұртынан  
Бір қыз жылап бел асты.

Әжем отыр бал ашып,  
Сенбесең де сенесің.  
Қызыл бұзау жанасып,  
Еміл жатыр енесін.

Алып-ұшқан бала бар  
Ала-құйын жазықта.  
Ақ жаулықты аналар  
Ақ құйып жүр қазыққа.

Бәрін де еске салады,  
Балаң шағым баяндал,  
Әкем кетіп барады,  
Торы айғырмен аяндал...

Жеті атамның жері еді.

## АТА ҚОНЫС

### I

Теріскейі – қарағай,  
Күнгейі – арша,  
Өріп шығар елігі күнде малша.  
Құдайберді атамның қонысының  
Қадірі бар, білмеймін, кімге қанша.

Танқұрайлы Талдыесік, бұлдіргенді,  
Түріп қойып жетіүйн күнде іргемді.  
Темір түяқ тимеген текті жайлау,  
Бұрғы тесіп бауырын,  
Үңгірленді.

Қатар алып қауыс пен қарашаны  
Бал ашады қағылез қара шалы:  
“Жер – несібе, ал адам – тірлік құлы”, —  
Не десе де өзіне жарасады.

“Қымыз іш”, — деп, бізді үйге ертіп кірді,  
Күрен саба сызданып, шертіп тұрды.  
Қопарылыс кезінде қаңғыған тас  
Орманбайдың сиырын мертіктірді.

Байқалмады реніш ағада көп,  
Сиыр жатқан ентігіп, жағаға кеп,  
Сойып, етін таратты таудағы елге:  
“Аяқты мал жанымнан садаға”, — деп,

Кызық- думан табылса, жетер тамак,  
“Мал ашуы” лезде кетер тараң.  
Кешірім сұрай келген кенші жігіт  
Бара жатыр жарты қап ет арқалап.

## II

От маздайды ортада,  
Әңгіме ашық.  
Басталған жыр іңірде таңға ұласып,  
Қара түнек төңірек – қалың тұман,  
Тапжылмайды,  
Қалардай мәңгі басып.

Кетті білем екі отар араласып...  
Шопан жігіт, тезірек далаға шық.  
Ақ жаңбырға айналған қара нөсер,  
Үш тәуліктен, мінеки, барады асып.

Тұңғиыққа шым батқан жалақ-шыны,  
Сатылы естен тандырды сарапшыны.  
“Ит-құсың” да мұндайда қағынады,  
Не қылады қалқиған қарақшыны

“Су суытар Сүмбіле” тұсы дейді,  
Қара түннің басады мысы үрейлі.  
Шынырауда шыңғырып жатыр өзен,  
Арғы беттен бір құлын кісінейді...

## ЖАҢБЫРСЫЗ ЖАЗ

Шаңытып Шарбақтының “Төре” шыны,  
Көрсettі жаңбыrsыз жаз көресіні.  
Қайынның жапырағы қалт-қалт етіп,  
Шыршаның шырылдайды бөлешігі.

Құла тай құтыла алмай жабағыдан,  
Уыздай қалпында ақты бағалы дән.  
Қарақат қас қағымда қаққа айналып,  
Қар жауды қарағайдың қабағынан.

Бақаның кере қарыс жағы ашыла,  
Бір тайдаң парқын айтты нағашы да...  
Ақырып арнасында аунақшыды  
Түсе алмай сарынды өзен сабасына.

Жұр екен ақ бокендер шөлде қалай?  
Қонбайды көк ала үйрек көл жағалай.  
Күн ашық...  
Геологтар тауды бұзып,  
Жол салып бара жатыр өрге қарай.

## ҚОҚЫР ҚОЗЫМ – ҚОЙ ЖЫЛҒЫ ҚОҢЫР ӨЛЕҢ

Қоңыр қозым – қой жылғы қоңыр өлең,  
Сені ойласам, енендей еміренем.  
Тұлға болдың, ту болдың тұғырына  
Қаниша ма ердің “Елім” деп еніреген.

Қоңыр өлең қозыммен жылдас едің,  
Еншің болды қуаныш, мұң да сенің.  
Кигізбесе кигізбес патша тәжін,  
Тигізсе деп ойлап ем мыңға себін.

Жел өтін де сезбедім ықта қалып,  
Ишаранды біраз жұрт үққаны анық.  
Таң деміне қоздырдым дөлебенді,  
Жанарынды мөп-мөлдір шыққа малып.

Қабағынан көктемнің сені көріп.  
Сөз тізбегін отырмын жеңіл өріп.  
Көшсө деп ем ғажайып сырлы әлемге,  
Қоңыр өлең Өлместің еліне еріп.

Дәм-тұзымыз жарасқан кең жалғанда,  
Азын-аулақ алдансан, енді алданба.  
Қошаметтен, қолпаштан жер боларсың,  
Нұрлы әлемнен мен көшіп, сен қалғанда.

...Қой аузынан шөп алмас боп баrasын,  
Тірлігіңе, сонда да жоқ таласым.

Ата-тегін — қара өлең қошкен қазак  
Сол қазақтың көші енді жоқтамасын!

Жасыл белге жеткенше, басым жерге,  
Сүйреледің ерінбей тасымды өрге.  
Жасын дер ме мына жұрт  
(Қалпы жаман)  
Көлікке жүк, асқа ортақ масыл дер ме?

Ала жібін ешкімнің аттамаған  
Жан ашырын, жақынын жақтар адам.  
Кірбінің көп көңілінің, кіршігі жоқ  
Жәрдем берсін жаныңда Хақ Тағалан!

### ҚОРЫМ БЕЙІТ

Беретін жастарға үлгі, кәріге ақыл,  
Кеменгер, әрі шешен, әрі батыр,  
Шала емген ана сүтін нөресте де,  
Белгісіз үлкен-кіші — бәрі жатыр.

Жақының, жанашырың, жарығың да,  
Асылың, арысың да — бәрі мұнда.  
Дененді дел-сал қылып,  
батырасың  
Ағынсыз дариядай кәрі мұнға.

Жеткен де, жетпеген де басы көкке,  
Бос белбеу, боз өпке де, жасыл өкпе...  
Осында фәниң де, бақының да,  
Қыл-көпір, қиямет те, қасірет те.

Келе бер “бауырымдап” күнде, мейлі,  
Күлмейді, күрсінбейді, ұн демейді.  
Сезбейді жарға итеріп кім жығарын,  
Білмейді қолтығынан кім демейді.

Атағы кеткендер де тарап елге,  
Жазықты, жазықсыз да, жаралы ер де.  
Дәметкен қалғандардан бата-дұға,  
Не шара, бір кірген соң қара жерге?!

Тірлікте мал-мұлікке әркім ие,  
Тұскенде сезінесің зар күйіне.  
У-шу да, ұрыс-керіс, жанжал да жоқ,  
Мұлгіген тыныштықта бар дүние.

Құны жоқ құмырсқадай бір сілікпе,  
Беймаза, азан-қазан тіршілікке  
Келгендей басқа өлемнен кектенесін,  
Қарайсың өкініп те, күрсініп те.

Әп-сөтте ой-сананды үрей билеп,  
Қаптайды қара топан, дүлей дүрмек.  
Арасын жер мен көктің астастырып,  
Ақ боран ақ тұтегін қүрейді үрлеп.

Үрейдің қап-қараңғы жарып түнін,  
Жарқ етіп көрінеді жарық құнің.  
Бәрі де көз алдыңда қалт-құлт етіп,  
Тұрады жалған деген жарықтығың.

Тірлікте несібенді тең бөліп пе ең,  
Зарласа жетім қозы, жем беріп пе ең?  
Тастайсың өзінді-өзің таразыға,  
Бір мезет ада болып пенделіктен.

Самсаған сан тілегің орындалар,  
Зымырап аққан жылдар қолынды алар,  
Өмірдің шын мәнісін айтады өлім,  
Сенбесен, сексен тарау қорымға бар.

\* \* \*

Откенге де, көктемге де бауырмыз,  
Нұр шабытқа, гүл шабытқа зәруміз.  
Көктемді ертіп келе жатқан Наурыздың  
Қарсы алдынан шыға келді ару қыз.

Көңілінен күй төгілген күмбірлеп,  
Ару қыздар етіп жатыр бір-бірлеп.  
Құшақ жайып келе жатқан көктемнің  
Жүргегінде үміт-арман түр гүлдеп.

Үміт-арман, мен сендерді ұмытпай,  
Бұл ғаламда, шырғаламда шыныққам.  
Күбылмалы мінезің бар көктемдей,  
Жалт беретін сылтау тауып сиңықтан.

Мына ғалам құбыла алмай тұрган ба,  
Бақыт ізде қаладан да, қырдан да.  
Алыстағы қол жетпеген арманың  
Қарсы алдыңнан шыға келсе, бұлданба.

Ару көктем кеудесіне гүл қадап,  
Нұрлы әлемге, сырлы әлемге тұр қарап.  
Аларыңды ал, берерінді беріп қал,  
Тұрмайды уақыт,  
Бара жатыр сырғанап.

Тереземнен төгіледі нұр-шуақ,  
Шуағы да, бұлағы да жыршыл-ақ,  
Жастық шаққа шақырады қайтадан,  
Қалжыраған жүргегінді шымшылап.

Наурыз-көктем, жылда осылай құліп пе ең?  
Қош айтыстым қорқынышпен, күдікпен.  
Аумай қалған секілдімін өзім де  
Қырықтағы қылышылдаған жігіттен.

\* \* \*

Мойынқұмда тал өсे ме Көкталдай,  
Өзен бар ма ағып жатқан тоқталмай?  
Кезең бар ма Үйгентастың беліндей,  
Қарағайлар жарыса ма қапталдай?

Сатылыдай онда да үяң бұлт бар ма,  
Мұндағыдай ол да сені құптар ма?  
Санқылдай ма тау басында қыран құс,  
Қаңқылдай ма әлде жайсыз жұт қарға?

Таң жолында майыса ма майда жел,  
Үйқысынан оянды ма сайды ел?

Көшіп келген аққу-қазын шулатып,  
Абыр-сабыр боп жатыр ма Айнакөл?

Моншақтары тасқа тиіп, сынғырап,  
Ән сала ма онда да әсем бір бұлақ?  
Күміс күлкің төгіле ме жағаға,  
Отырсың ба әлде үнсіз тұнжырап?

Өзен де,  
Онда бұлақ та жоқ,  
Білем мен,  
Қызық та жоқ  
Қырлар да жоқ гүл өрген.  
Сені көрем сар далада сарғайған,  
Елестетем қабағынды тұнерген.

Сайрамайды онда бұлбұл тоғайда,  
Бейуақыт түседі ылғи жоқ ойға.  
Көксудағы көк орманнан қашықтан,  
Қара құмға қақталу да оңай ма?...

\* \* \*

Ақ бұлақтың күлкісінен тарайды ән,  
Құлын даусы естіле ме маңайдан?  
Ашық аспан — қолымдағы шатырым,  
Айдын көлдер — алдымдағы шарайнам,

Төне қарап, күн күлімдеп түр үнсіз,  
Бұралады боз жусандар бұрымсыз.  
Қырдан асып, кербез басып, гүл үстап,  
Келе жатыр бір бойжеткен буынсыз.

Тегін өлең, тегін өмір, тегін гүл,  
Алға кеткен жылдарымды шегіндір.  
Ақындардың көктеміндей көгілдір  
Айдыныма жыр нөсерін төгілдір.

\* \* \*

Мың күн “Бала” атанып, бір күн “Дана”,  
Шыңға шықтым,  
Құладым құрдымға да.  
Жалғаса бер тәтті жыр, абыз өмірім,  
Мәпелеме,  
Сағымды сындырма да.

Құрағы — гүл, тынбайтын бұлағы — жыр  
Сындырмасын сағымды мына ғұмыр.  
Әкінгенмен не пайда өткен күнге,  
Мың күн сынбас шөлмек те сынады бір...

Мұндасам да қартпенен, жігітпенен,  
Мұңаям да,  
Беталды құліп келем...  
Қарамаппын жолдарға құдікпенен,  
Әлі де көп нәрседен үміттенем.

Аласұрып бұлданба текке, көңіл,  
Жыл дегенің – беймаза өткен өмір.  
Өткен күнді елжіреп есіңде алсан,  
Кеткен күнге мәніссіз кектене біл!

Қуандың ба,  
Күтесің нені көктен,  
Басқа өлемнен дәп бүгін келіп еп пе ең?  
Тұған айдай тураулы ет – жыл дегенің,  
Желмаядай бір өмір желіп өткен.

Өткен күнім түсіме жиі енеді,  
Сан көсілді көлігім, үйеледі.  
Көңілінді, көгерткен көсегенді,  
Жыл дегенің не деген киелі еді!

Қуанышты қолпашқа құлай құлсін,  
Құлмегендер өмірге былай жүрсін.  
Дүниені жасартып жыл келмесе,  
Не боларын жалғанның Құдай білсін?

Бір даладан кездескен, бір қаладан,  
Қайран жылдар — тәтті өмір сырғанаған!  
Қош болындар, хош келдің, келе бергін,  
Дидарынды әйбеттап нұрға малам

\* \* \*

Кезімде осы мен неге самғамадым,  
Самғамадым!  
Соныма таңғаламын.  
Саз-күйіне салам деп сандалдым ба,  
Таңдайынан құстардың тамған әнін?

Тұзде бірге болсақ та, үйде бөлек,  
Ордасына өлеңнің кимелеп ек.  
Бәрі қалды...  
Мен кеттім құла дүзге,  
Өсірем деп еркемді күйге бөлеп.

Таппадым ба, таптым ба жан дауасын,  
Мандайынан сипадым бар баласын.  
Қүрен құнді қарсы алдым,  
Қүренбелдің  
Қуыршактай құшақтап таңғы ауасын.

Аялаймын өлі сол топ баланы,  
“Қайдасың” деп бір пенде жоқтамады.  
Өзгелерге керегі болмаған соң,  
Өлеңім де өзімшіл боп барады.

“Торға тұскен торғайым тонды” дей ме,  
Не білдірдім, не жаздым сол “дүлейге”.  
Жазым бітпей жатқанда күзім келіп,  
Байтал түгіл бас қайғы болды кейде...

Несібемді аузымнан жырып, аңға  
Берсе дағы өкпем жоқ тірі жанға.  
Шықпасам да андыздап,  
Жүрер ме едім  
Қалың топтың ішінде, құрығанда...